



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№32 (1989) 8 ҚЫРКҮЙЕК 2025 ЖЫЛ

Халықаралық институт пен робототехника орталығы ашылды



Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт
Тоқаевтың Қытай
Халық Республикасы-
на ресми сапары
аясында Әл-Фараби
атындағы Қазақ ұлттық
университеті базасын-
да «Цифрлық техноло-
гиялар және робото-
техника» халықаралық
институты мен робото-
техника орталығын
ашу рәсімі өтті.

Бұл маңызды келісім Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Қытайдың жетекші жоғары технологиялық компаниясы – Jiangsu Huibo Robotics Technology Co., Ltd. арасындағы стратегиялық әріптестіктің нәтижесі болып табылады.

Рәсім Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Бейжіңдегі Қазақстан – Қытай іскерлік кеңесінің отырысы аясында өтті. Айтулы шара барысында

ашылу рәсіміне Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев пен Jiangsu Huibo Robotics Technology Co., Ltd. (Қытай) компаниясының өкілі Ли Вэнь (Li Wen) ханым қатысты.

Тараптар ортақ ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге және ғылым мен білім саласындағы өзара тиімді жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға ниетті екендіктерін растады. Сонымен қатар бұл орталық болашақта білім, зерттеу және инновация саласында ірі кластерге айналады деген сенім білдірді.

Салтанатты бөлім барысында институт пен робототехника орталығы туралы арнайы бейнеролик көрсетілді. Орталық KazNU Hub аумағында орналасқан және жалпы ауданы 600 шаршы метрді құрайды. Жобаға салынған инвестиция көлемі – 2 500 000 АҚШ доллары. Қазіргі таңда орталықта 13 заманауи робот орнатылған. Институтта бакалавриат,


магистратура және докторантура деңгейлерінде «Робототехника», «Мехатроника», «Жасанды интеллект» және «Заттар интернеті» (IoT) бағыттары бойынша бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру жоспарлануда.

Сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмысы да негізгі басымдықтардың бірі болмақ. Мамандар өндірістік, сервистік және білім беру роботтары салаларында зерттеулер жүргізіп, өндірісті автоматтандыру мен ақылды басқару жүйелерін жасауға үлес қоспақ. Бұдан бөлек, жоба аясында стартаптар мен инновациялық компаниялар құрылады.

Бұл бастама Қазақстанның цифрлық даму жолындағы маңызды қадамына айналып, елдің халықаралық инновациялық кеңістіктегі орнын нығайтуға серпін бермек.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

Жалғасы 8-бетте



Ұшқышсыз ұшу аппараттары саласындағы ынтымақтастық

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытай Халық Республикасына ресми сапары аясында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен «Юань Чжэнь» инвестициялық және даму компаниясы арасында ұшқышсыз ұшу аппараттарын (ҰҰА) әзірлеу, өндіру және енгізу саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімге қол қойылды.

Маңызды келісімге қол қою және құжаттармен алмасу рәсімі Бейжің қаласында өткен Қазақстан – Қытай іскерлік кеңесінің отырысы аясында өтті. Құжатқа Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев және «Юань Чжэнь» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Инвестициялық және даму компаниясының бас директоры Тан Цзюлун қол қойды.

2024 жылы Қазақстанда құрылған «Юань Чжэнь» компаниясы ҰҰА саласын «білім – ғылым – өндіріс – сату» қағидатына негізделген интеграциялық үлгі бойынша дамытып келеді. ҚазҰУ-мен бірлескен консорциум аясында кадр даярлау, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (ҒЗТҚЖ), сериялық өндіріс пен халықаралық нарыққа шығу бағытында жүйелі жұмыстар атқарылады.

Қытайда аталған компания Shaanxi Overseas Investment Group, Xi'an Aviation Investment Future Development Group, сон-

дай-ақ Солтүстік-батыс политехникалық университетінің Азаматтық авиация институтымен серіктестік орнатқан.

Бастапқы инвестиция көлемі 5 миллиард юаньды (CNY) құрайды. 2027 жылға қарай бірнеше ҰҰА үлгісінің жаппай өндірісі іске қосылып, халықаралық стандарттарға сай сынақ орталығының ашылуы жоспарлануда. Негізгі нарықтар – Орталық Азия, Таяу Шығыс және Шығыс Еуропа елдері.

Бұл жоба жоғары білімнің интернационалдануына, академиялық және ғылыми ынтымақтастықтың кеңеюіне, халықаралық тәжірибе алмасуға және бірлескен білім беру мен зерттеу бастамаларын жүзеге асыруға жол ашады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті үшін бұл – халықаралық деңгейдегі заманауи ғылыми-білім беру хабын қалыптастыру бағытындағы кезекті маңызды қадам.


Қаншайым
БАЙДӘУЛЕТ

Оңталап ОҒАЛБАЕВ:

ҚазҰУ қабырғасындағы
ізденіс дипломатиялық
жолыма темірқазық
болды



PhytoGlow –
жусаннан
алынған
жақпамай



Атом энергетикасы
мен цифрландырудағы
жаңа мүмкіндіктер



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Мәдениетаралық диалог: Болгария мен Орталық Азия елдерінің өзара тоғысатын тұстары» атты халықаралық дөңгелек үстел өтті.

Мәдени байланыстар талқыланды



талық Азия елдерінің түйіскен нүктелерін талқылау арқылы біз тек ортақ тарихи өткенді ғана емес, сондай-ақ бірлескен болашақ мүмкіндіктерін іздейміз», – деді бірінші проректор.

Сондай-ақ дөңгелек үстел барысында Софиядағы Қасиетті Климент Охридский атындағы университеттің оқу жұмысы жөніндегі проректоры, доктор, профессор Мадлен Данова, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия және саясаттану факультеті Дінтану және мәдениеттану кафедра-

сының меңгерушісі, философия ғылымының докторы, профессор Айнұр Құрманалиева, Софиядағы Қасиетті Климент Охридский атындағы университеттің классикалық және жаңа филология факультетінің деканы, PhD, профессор Гергана Петкова және басқалар сөз сөйлеп, өз пікірлерін ортаға салды.

Жиынды философия және саясаттану факультетінің деканы, философия ғылымының кандидаты, доцент Бекжан Мейірбаев жүргізді.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

инвестиция, білім және мәдениет салалары бойынша айтарлықтай нығая түсті. Біз мәдени шаралар мен бірлескен жобаларды жүзеге асыру арқылы өзара ынтымақтастықты тереңдетуге ниеттіміз», – деді ол.

Өз кезегінде Жоғары кәсіпкерлік мектебінің президенті Тацуя Курода өзі басқаратын оқу ордасының қызметімен таныстырып, өзара әріптестікті орнатуға деген ниетін білдірді. Ол жасанды интеллект саласындағы мүмкіндіктерге ерекше тоқталды. Курода жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы компания айтарлықтай жетістіктерге жеткенін ерекше атап өтті.

Кездесу қорытындысында екі тарап ғылыми зерттеулер, жоғары білім және инновациялар саласында өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамытуға уағдаласты.

Әйгерім
ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ



Халықаралық сарапшылар өз тәсілдерімен бөлісті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Экономика және бизнес жоғары мектебінің ұйымдастыруымен TEDx форматында қонақ дәрісі өтті.

Іс-шарада Сингапур мен Үндістаннан келген халықаралық сарапшылар көшбасшылық, трансформациялық ойлау және заманауи маркетинг бағыттарындағы өздерінің бірегей тәсілдерімен бөлісті. Дәрісті стратегиялық көшбасшылық пен командалық тиімділік тақырыбында сөз сөйлеген танымал коуч және кеңесші Анне Пхей ашты. Ол: «Көшбасшылық – бұл тек басқару емес, адамдарды жаңа белестерге жетелеу», – деп атап өтті. Harvard Business School және IBM сияқты ұйымдармен жұмыс істеу тәжірибесі оған цифрлық трансформацияға қатысты практикалық кеңестерімен бөлісуге мүмкіндік берді. Бұл кеңестер қатысушыларға үлкен әсер қалдырды.

Келесі спикер – Уун Чет Чун өз сөзінде MECE құрылымдық әдісіне негізделген көшбасшылық ойлау тұжырымдамасын таныстырды. Ол:

«Нағыз көшбасшы жалпы көріністі ғана емес, сонымен

қатар ұсақ-түйегін де түсіне алуы керек», – деп атап өтті. Оның Fujifilm және Honda сияқты ірі корпорациялармен сәтті жұмыс істеу тәжірибесі студенттерге шабыт берді.

Үндістандық дәрігер және коуч доктор Алка Чадха жастарға бейімделу мен өзгерістерді басқару дағдыларын үйрету арқылы өзінің ерекше «Суданалығы» философиясымен бөлісті. «Біз өзгерістерді су секілді қабылдап үйренуіміз керек», – деді. Оның медицина саласындағы тәжірибесі мен көшбасшылық психологияны ұштастыруы көптеген тыңдаушылар үшін тың жаңалық болды. Сондай-ақ Үнді армиясының ардагері, бригадир Сушил Бхасин «Time is Life: Every Second Counts» атты тайм-менеджмент бағдарламасын таныстырса, Addy.AI стартапының негізін қалаушы, «Reinvent 4.0» кітабының авторы Эдлин Тиа психологиялық қауіпсіз командалар құру тәсілдерімен бөлісті.

Студенттер, оқытушылар және университет қонақтарының басын қосқан бұл дәріс білім алмасудың алаңына айналып, тұлғалық және кәсіби дамудың негізін қалады.

Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың Баспасөз
қызметі

ЖИ технологияларын қолдану – жетістік кілті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Басқарма Төрағасының орынбасары – бірінші проректор Еркін Дүйсенов Жапонияның Ниигата қаласындағы Жоғары кәсіпкерлік мектебінің делегациясымен кездесті. Тараптар екіжақты ынтымақтастықтың келешегі мен өзекті бағыттарын талқылады.



Басқосуда бірінші проректор алдымен Қазақстан мен Жапония арасындағы өзара

жемісті ынтымақтастықты атап өтті. «Соңғы жылдары екіжақты қарым-қатынас экономика,

Студенттер көшбасшылық дәріс тыңдады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Білім күні мен жаңа оқу жылының басталуына орай, ашық сабақтар мен көшбасшылық дәрістер ұйымдастырылды.

Жаңа оқу жылында алғаш рет студент атанған жас түлектерге ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевтың құттықтауын проректорлар жеткізді.

Одан кейін аға буын оқытушы-профессорлар, мемлекет және қоғам қайраткерлері мен

кәсіби мамандар жастардың білім жолында табысты болуына тілектестік білдірді.

Филология факультетінде өткен «Әдебиет – ұлттың рухы» атты дәрісте Қазақстанның халық жазушысы Смағұл Елубай әдебиеттің ұлттық сана мен рухани дәстүрді қалыптастырудағы маңызын жан-жақты ашып көрсетті.

Заң факультетінде ҚР Жоғарғы сотының экс-төрағасы, Еуразиялық экономикалық одақтың Халықаралық сотының экс-төрағасы, профессор Мұсабек Әлімбековтің көшбасшылық дәрісі өтті. Мұсабек Тұрғынбекұлы құқықтық білімді

жетілдірудің, әділетті қоғам қалыптастырудағы азаматтардың рөлінің маңыздылығын түсіндіріп, жастарды заңды құрметтеуге, азаматтық жауапкершілікті сезінуге және елдің тұрақты дамуына үлес қосуға шақырды.

Сонымен қатар филология ғылымының докторы, профессор Дандай Ысқақұлы «Абай ілімінің мән-маңызы» тақырыбында ұлттық философиялық мұраның өзектілігі мен қазіргі заманға сай маңыздылығын түсіндірді.

Бұл дәрістер жастарға ұлттық мәдениет пен руханияттың мәнін түсінуге, азаматтық



жауапкершілікті сезінуге және елдің дамуына үлес қосуға деген ынтасын арттыруға ықпал етті. Студенттер үшін бұл тек теориялық білім емес, өмірлік тәжірибе мен құнды кеңестер алу мүмкіндігі болды. Осындай іс-шаралар олардың жан-жақты дамуына және болашақта

елге қажетті маман болып қалыптасуына септігін тигізеді. Білім күні аясында өткен дәрістер студенттерге жаңа ортада өзін танытуға, жаңа білім мен ғылымды игеруге, болашақ көшбасшылар ретінде қалыптасуға жол ашты.

Еңлік АҚЖІГІТ

Бұл мақалада Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шығыстану факультетінің түлегі, Қазақстан Республикасының Иран Ислам Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Оңталап Оңалбаев жайлы сөз болады. Мақалада оның балалық шағы, студенттік өмірі, Ирандағы кәсіби шыңдалу кезеңдері мен дипломатиялық қызмет жолындағы жетістіктері баяндалады. Елші оқырманға екіжақты мәдени және гуманитарлық ынтымақтастықты дамытуға зор үлес қосып жүрген танымал мемлекет қайраткері ретінде таныстырылады.



Оңталап ОҢАЛБАЕВ,
ҚР-ның Иран Ислам Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі:

ҚазҰУ қабырғасындағы ізденіс

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ЖОЛЫМА ТЕМІРҚАЗЫҚ БОЛДЫ

Оңталап Серікбайұлы 1966 жылы Қызылорда облысы Қазалы ауданының «Энгельс» кеңшарында (қазіргі Қожабақы ауылы) елге сыйлы, көпбалалы отбасында дүниеге келді. Әкесі – Серікбай Оңалбайұлы, анасы – Ақмоншақ Қуанбайқызы қазақы дәстүрді берік ұстанған, ұрпағын адал еңбекке, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулыған жандар еді. Берекелі шаңырақта өскен Оңталап бала кезінен отбасы құндылықтарының, ағайын-туысқа деген құрмет пен мейірімнің мәнін түсініп өсті. Сол ортадан бойына сіңірген ізгі қасиеттері кейіннен оның дипломат ретіндегі адами болмысын айқындады.

Шығыс халықтарының мәдениетіне деген сүйіспеншілік Оңталап Серікбайұлының бойында бала кезінен оянды. Қазақ халқының атақты шайырларын, жырауларын, жырдастандарын әлемге сыйлаған Сыр елінің қасиетті топырағында дүниеге келген ол рухани қазынаны бала жасаран бойына сіңірді. Сыр сүлейлерінің мұрасы, ақиық ақын әрі ағартушы-аудармашы Тұрмағамбет Ізтілеуұлының парсы классикасын қазақ тіліне аударған еңбектері оның жүрегіне терең із қалдырды. Әсіресе Тұрмағамбеттің ұлы парсы шайыры Әбілқасым Фирдаусидің «Шаһнамесінен» тәржімалаған «Рүстем-дастанын» отбасында жатқа айтып өсуі жас Оңталаптың шығыс әлеміне құштарлығын күшейтті. Кешкілік күн ұясына қызарып батып бара жатқанда ол көкжиекке ұзақ қарап тұрып, қиялға берілетін: «Бір күні осы тылсымға толы Фирдаусидің Отанына барып, сол халықтың тілін үйренсем, мәдениетіне қанықсам ғой!» – деген арман жүрегім тербейтін. Бұл арман кейіннен үлкен мақсатқа ұласып, Оңталаптың өмір жолына бағыт-бағдар берді.

Арман жетелеген жас Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің шығыстану факультетіне түсіп, шығыс тілдерінің ішінен жүрек қалауымен парсы тілін таңдады. Бұл таңдау оның болашақ өмір жолын айқындап берген маңызды шешім болды. Университет қабырғасында ол тек білім алып қана қоймай, шығыстың бай мәдениетімен, өркениеттің асыл мұраларымен танысып, ой-өрісін кеңейтті. Студенттік ортада болашақ елші тек ілім-ғылым ғана жиған жоқ, сонымен бірге ерекше өмір мектептерінен өтті.

Қазақ ғылымының қара шаңырағы – ҚазҰУ-да Оңталап Серікбайұлы шығыстану ғылымының майталмандарынан тәлім алды. Қазақстандағы шығыстану мектебінің негізін қалаушылардың бірі, шығыстанушы ғалым, академик Әбсәттар Дербісәлі жас буынды Шығыс пен Батыс өркениетінің тоғысындағы құндылықтарға терең бойлатса, тарихшы ға-

лым, профессор Кеңес Қожахметов студенттерге тарихи ойлау жүйесін қалыптастырудың маңызын үйретті. Ұстаз Дарико Мәжиденова жас шы-

ғыстанушыларға шығыс тілдерін үйретудегі үздік әдістемесімен танылса, Лениншіл Рүстемов парсы әдебиеті мен мәдениетінің терең қырларын ашып көрсетті. Аталмыш дара тұлғалардың өнегесі Оңталаптың бойында болашақ дипломатқа тән табандылық пен парасаттылықты қалыптастырды.

ҚазҰУ-да шығыстанушы мамандығын меңгеріп, шығыс мәдениеті мен тілін терең игерген Оңталап Серікбайұлы болашақ өмірін дипломатия саласымен байланыстыруды мақсат етті. Шығыстанушы ретінде алған білімін жетілдіру мақсатында кейін Қазақ гуманитарлық-заң университетінде оқуын жалғастырып, халықаралық қатынастар мен құқықтың негізгі қағидаттарын терең меңгерді. Бұл қадам Оңталап Серікбайұлына тек теориялық білім ғана емес, мемлекеттік қызметтің қатаң талаптарына сай тәжірибелік дайындық та берді. Осылайша Шығыстың даналығын бойына сіңіріп, құқықтық біліммен шыңдалған ол дипломатиялық аренаға нық қадам басты.

Қазіргі таңда Оңталап Оңалбаев – І сыныпты төтенше және өкілетті уәкіл. Бұл дәреже бір күндік еңбектің жемісі емес, қырық жылға жуық уақыт бойы үздіксіз жасалған табанды еңбек пен адалдықтың, Отанға деген шынайы сүйіспеншіліктің нәтижесі. Дипломатиялық жолын қарапайым референт қызметінен бастаған ол әр сатыда жауапкершілік пен төзімділіктің үлгісін көрсетіп, бүгінгі ең жоғары мәртебеге қол жеткізді.

Мақала кейіпкерінің дипломатиялық жолының маңызды кезеңдерінің бірі деп оның Қазақстанның Ирандағы елшілігіндегі қызметін айтсақ болады. Қазақстанның Тегерандағы елшілігінде атташе және үшінші хатшы болып жұмыс істеп, дипломатиялық ортаның қырсырын меңгерді. Кейін елшілік құрамында бірінші хатшы және кеңесші ретінде жауапты міндеттер атқарып, екіжақты қатынастарды терең түсіне білді.

Ирандағы дипломатиялық жолы одан әрі кеңесші-елші дәрежесінде жалғасып, бұл кезеңде ол сенім артып тапсы-

рылған саяси мәселелерді шешуде үлкен тәжірибе жинады. Кейін Иран Ислам Республикасының Горган қаласында бас консул қызметін атқарып, Қазақстан мен Иран арасындағы аймақтық ынтымақтастықты нығайтуға зор үлес қосты. Ақырында дипломатия саласындағы ұзақ жылғы еңбегінің нәтижесінде Қазақстан Президентінің 2024 жылғы 26 наурыздағы жарлығымен Қазақстан Республикасының Иран Ислам Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі болып тағайындалды.

Оңталап Серікбайұлы елші ретінде Иранмен тек саяси-экономикалық бағытта ғана емес, мәдени-гуманитарлық кеңістікте де жаңа көпірлер орнатуға ерекше күш салып келеді. Оның бастамаларының арқасында мәдениет пен өнер саласындағы ынтымақтастық жаңа белеске көтеріліп, бірлескен жобаларға жол ашылды. Жақында ол Иранның мәдениет және исламдық бағдар министрімен кездесіп, мәдени серіктестікті жандандыру, бірлескен киножобалар мен түрлі іс-шараларды ұйымдастыру жөнінде уағдаласты.

Дипломат екі елдің мыңжылдық тарихына сүйеніп, Қазақстан мен Иран арасындағы мәдени сабақтастықты «халықтарды жақындастыратын алтын арқау» деп атады. Бұл – оның рухани дипломатияға деген көзқарасының айқын көрінісі.

Ерекше айта кетерлік бір жайт, биыл 8 наурызда Тегеран қаласында өткен «Әлемдік Наурыз дипломатиясы» атты V халықаралық форумға қатысып, оның дипломатия саласындағы ерен еңбегі ескерілді. Бұл шараға Иран Ислам Республикасының Сыртқы істер, Мәдениет және исламдық бағдар министрліктерінің өкілдері, зиялы қауым, сондай-ақ Тегеранда аккредиттелген дипломатиялық өкілдіктер мен халықаралық ұйымдардың басшылары қатысқан болатын. Іс-шара соңында «Наурыз дипломатиясы» номинациясы бойынша жыл үздігі атанып, «Ең үздік елші» деген арнайы белгімен марапатталды. Бұл ма-

рапат Оңталап Серікбайұлының екі елді жақындастыру саласындағы ерен еңбегіне берілген әділ баға әрі Қазақстан дипломатиясының Ирандағы беделін асқақтатқан зор жетістік десек те болады.

Осылайша Оңталап Серікбайұлының Ирандағы елші ретіндегі қызметі тек мемлекетаралық ынтымақтастықты нығайтып қана қойған жоқ, сонымен қатар мәдениет пен руханиятты дипломатияның пәрменді құралына айналдырды. Оның бастамалары арқылы Қазақстан мен Иран халықтары арасындағы өзара түсіністік пен сенім арта түсті, жаңа мәдени жобаларға жолашылды. Елшінің қажырлы еңбегі – Қазақстан дипломатиясының мәртебесін биіктеткен, жас буынға өнеге боларлық жарқын үлгі.

Елшінің айтуынша, әр жетістігінің артында жұбайы Света Амангелдіқызының қолдауы тұр. Ол Оңталап Серікбайұлы үшін тек жан жары ғана емес, елшілік жұмысының сенімді серіктесі. «Әке көрген – оқ жонар, ана көрген – тон пішер» деген халық даналығын дәлелдегендей, олардың перзенттері де ата-ана тәлімінің арқасында биікке жетіп, үлкен қызы Салтанат – ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде бас сарапшы, ал кіші қызы Алмагүл – халықаралық деңгейде жас дипломат ретінде абыройлы қызмет атқарып жүр. Бұл – ұрпақтар сабақтастығының жарқын айғағы.

Дипломаттың өмір жолы – қарапайым ауылдан шығып, табандылық пен еңбекқорлықтың арқасында биік белестерді бағындырған тұлғаның тағдыры. Ол – ҚазҰУ қабырғасынан түлеп ұшып, шығыстанушыдан кәсіби дипломатқа дейінгі даңғыл жолды жүріп өткен, туған елінің абыройын халықаралық сахнада асқақатып жүрген елеулі мемлекет қайраткері. Бүгінде ол тек Қазақстан мен Иран арасындағы дипломатиялық көпір ғана емес, сонымен бірге мәдениет пен руханиятты дипломатияның негізгі тетігіне айналдыра білген көреген елші.

Оңталап Серікбайұлының

дипломатиялық қызмет саласындағы тынымсыз еңбегі лайықты бағаланып, мемлекетіміздің айтулы қоғам қайраткерлеріне берілетін «Ерен еңбегі үшін» медалімен (2018), Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет грамотасымен (2022), сондай-ақ түрлі дәрежедегі мерейтойлық медалдармен марапатталып келеді.

Елші өзінің мемлекет қызметкері ретінде биікке көтерілуіне қара шаңырақ – ҚазҰУ мектебінің орны айрықша екенін үнемі айтып отырады. Оның

айтуынша, университет қабырғасында қалыптасқан білім мен ізденіс, тәртіп пен жауапкершілік бүкіл дипломатиялық жолына темірқазық болды. Оңталап ұшқан ұясын ешқашан ұмытқан емес. «Отан болашағы – білімді жастар» деп сенген елші түлегіміз ҚазҰУ-дың әндаумент қорына ылғи демеушілік жасап, өзі оқыған шығыстану факультетінде онлайн дәрістер өткізіп келеді. Сол сабақтарда ол жас буынға білімнің қадірін, еңбектің құнын, адалдықтың маңызын түсіндіріп, шынайы өмірлік тәжірибесімен бөлісуде. Университет алдындағы осы еңбектері ескеріліп, 2024 жылы университет ректоры Ж.Түймебаев Оңталап Серікбайұлына ҚазҰУ-дың елеулі түлектеріне ғана берілетін «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісін табыс етті.

Дипломатия – сырт көзге романтикаға толы мамандық болып көрінгенімен, шын мәнінде ол Отан алдындағы үлкен жауапкершілік пен тәуекелге толы қызмет. Бұған 2025 жылдың маусым-шілде айларында орын алған Иран-Израиль шиеленісі айқын дәлел. Сол кезеңде көптеген елдердің елшіліктері уақытша жабылып, азаматтарын көшіріп алып кетіп жатқанда Оңталап Серікбайұлы өз қызмет орнынан еш мызғыған жоқ. Ол өз өміріне қатер төнгеніне қарамастан, Ирандағы қазақстандық азаматтардың қауіпсіздігін бірінші орынға қойып, олардың елге аман-есен оралуына тікелей басшылық жасады. Бұл тек кәсіби ерлік емес, нағыз мемлекет қайраткеріне тән табандылық пен Отан алдындағы адалдықтың айшықты көрінісі деп білеміз.

Отан мүддесін өз өмірінен жоғары қоя білген Оңталап Серікбайұлының есімі Қазақстан дипломатиясының тарихында алтын өріппен жазылар, жас буынға табандылықтың, адалдықтың және отансүйгіштіктің өнегесін көрсететін жарқын үлгі деп білеміз.

Фатимабибі ДӘУЛЕТ,
Қытайтану кафедрасының
қауымдастырылған
профессоры

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың осыдан үш жыл бұрын ашылған Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығы қазір бірнеше халықаралық және отандық жобаларды іске асыруда. Солардың бірі – отандық өсімдік шикізаты негізіндегі антиоксиданттық жақпамай әзірлеу жобасы. Бұл жобаға зерттеушілер шикізат ретінде қазақтың сайын даласында өсетін кәдімгі жусанды таңдап алған. Жусан иісі аңқыған жақпамай шығару идеясы сонымен қалай туындады? Авторы кімдер? Жоба қазір қай деңгейде және қалай аталады?

«Qazaq universiteti» газетінің оқырмандарына арналған бүгінгі әңгімеміз осы жайында өрбімек.

СТУДЕНТТІК ЖОБА – ЗЕРТХАНАҒА ЖОЛ

Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, профессор Жанар Жеңістің айтуынша, бұл жобаға әу баста химия факультетінің екінші курс магистранты Аяулым Азаматқызы мен төртінші курс студенті Ясмينا Ульфа-нова қызығушылық танытып, ҚазҰУ-дың стартап жобалар байқауына қатысқан. Сөйтіп, жүлделі үшінші орынды жеңіп алған. Бұл жоба жас зерттеуші Аяулым Минкаеваның жүрегіне жол тауып, ғылым жолында алғаш «тұсауын кескен» зерттеу жұмысы болды. Қазір жас ғалым Аяулым – Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкері, химия және химиялық технология факультетінің 1-курс докторанты. Ол Жезқазған қаласының тумасы, Қарағанды қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебін үздік аяқтап, 2019 жылы ҚазҰУ-ға оқуға түскен.

2020 жылдан бастап Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығында профессор Жанар Жеңістің жетекшілігімен ғылыми қызметпен айналысып келеді. Оқу барысында теориялық біліммен қатар, тәжірибелік дағдыларды да меңгерген Аяулым 2023 жылы Корея Республикасының Генсан ұлттық университетінде тағылымдамадан өтіп, биологиялық белсенді қосылыстарды бағаналық және препаративті хроматография әдістерімен бөліп алу, олардың биологиялық белсенділігін анықтау тәжірибесін жинақтады.

Бакалавриатты GPA 3.5 көрсеткішімен сәтті аяқтап, ғылыми қызметін жалғастыру мақсатында магистратураға оқуға түсті. 2024 жылы Шанхай фармацевтикалық заттар институтында тағылымдамадан өтіп, Artemisia albida өсімдігінен 15 таза қосылыс бөліп шығарды. «Олардың төртеуі ғылымға бұрын беймәлім жаңа қосылыстар болып саналады», – дейді Аяулым Азаматқызы бізбен әңгімесінде.

Жасыратыны жоқ, соңғы жылдары экология тым нашарлап кетті. Әсіресе қалалық аймақтарда ауа сапасы сын көтермейді. Ол адам денсаулығына өте зиян. Басқасын

айтпағанда, адам терісіне кері әсерін тигізеді. «Осы жағдайдың алдын алу мақсатында терінің беткі қабатын қорғау

(>180 мин) ұзақ болуы және REM әдісі бойынша LDL тотығуына қарсы жоғары қорғаныс әсері көрсетілді. Artemisia түрлерінің гидролаттары ультратығушы құрылғы арқылы оңтайлы параметрлерде алынды», – деген ойымен бөлісті жас ғалым.

Сонымен бірге Artemisia гидролаттарының адам бетіне сіңуі, сондай-ақ эмульгирлеу қасиеттері зерттелді. Нәтижесінде олардың құрамында бет-активті компоненттер бар екені анықталды. Гидролаттардың сіңу қасиеттерін өлшеу олардың гидрофильділігін және ыл-




PhytoGlow – ЖУСАННАН АЛЫНҒАН ЖАҚПАМАЙ

үшін антиоксиданттық қасиеті бар жақпамай әзірлеу идеясы туындады. Іле-шала жетекшіміздің бағыт-бағдарымен зерттеу ісіне кірісіп кеттік. Ерекше тоқтала кететіні – бұл жақпамайдың құрамы 100 пайыз табиғи және барлық коллоидтық қасиеттері мен биохимиялық құрамы зерттелген. «Artemisia тұқымдасына жататын көптеген өсімдіктер мен олардың гидролаттарының биохимиялық сипаттамасы бұрын толық зерттелмегендіктен, оларды косметикада негізгі құрамдас ретінде қолдануға мүмкіндік беретін бірегей қасиеттерін анықтау маңызды», – дейді Аяулым Азаматқызы.

Зерттеу барысында Artemisia absinthium, Artemisia serotina, Artemisia nitrosa, Artemisia sublessingiana және Artemisia pauciflora түрлері сапалық және сандық тұрғыда талданған. Олардың ылғалдылық, күл және экстрактивті заттар мөлшері анықталды. Сонымен қатар макроэлементтер (K, Na, Mg, Ca) мен микроэлементтер (Cu, Zn, Fe, Mn) құрамын атомдық адсорбциялық спектроскопия әдісі арқылы зерттеу жүргізілген. Антиоксиданттық белсенділіктері DPPH, ORAC және TBARS әдістерімен бағаланды.

«Нәтижесінде A. nitrosa түрі TBARS әдісі бойынша төмен тығыздықтағы липопротеиндердің (LDL) тотығуын айтарлықтай тежейтіні анықталды (IC50 = 3.1 μM). Сондай-ақ конъюгирленген диендердің түзілуінің кідіріс уақытының



ғалдандыру қабілетін арттыратынын көрсетті. Бұл өз кезегінде оларды косметикалық өнімдерге пайдалануға мүмкіндік береді.

PHYTOGLOW-МЕН ЖАРҚЫРАП-ЖАЙНАҒЫЗ

Сөйтіп, жас зерттеушілер жақпамайға PhytoGlow деген атау береді. Phyto – өсімдік, ал Glow – жарқырау деген мағынаны білдіреді. «PhytoGlow жақпамайын жағып, жарқырап жүріңіз» деген идеядан шыққан.

Жобаның көздегені – Қазақстан аумағында өсетін дәрілік өсімдіктерден тиімді әрі қауіпсіз косметикалық құрал жасау. Крем айқын антиоксиданттық қасиеттерге ие, теріні еркін радикалдардың әсерінен қорғайды, жасушалардың қалпына келуін жеделдетеді.

PM2.5 – диаметрі 2,5 мкм-ден кіші ауаның ластаушы бөлшектері. Мамандардың айтуынша, бұлар өкпе мен қанға оңай өтіп, терінің тотығу стресін күшейтеді, қабыну мен



қартаю процесін жылдамдатады.

Ал жусан сығындысы флавоноидтар мен полифенолдарға бай:

- күшті антиоксидант
 - еркін радикалдарды бейтараптандырады
 - иммундық жүйені нығайтады
 - теріні тотығудан қорғайды
- PhytoGlow артықшылығы:**
- Тотығу стресін бейтараптандыру
 - Теріні зақымданудан және қабынудан қорғау

• Жасушалардың қалпына келуін жеделдету

Заманауи формула:

- Табиғи өсімдік негізінде әзірленген
- Синтетикалық бояғыштар мен консерванттар жоқ
- Жұмсақ әрі гипоаллергенді негіз
- Табиғи тұрақтандырғыштар

Жақпамайды кім пайдалана алады?

- Мегаполис тұрғындары, ауаның жоғары ластану жағдайында өмір сүретіндер
- Терісі сезімтал және түрлі жастағы адамдар
- Экологиялық таза косметика мен табиғи өнімді қалайтындар

Ғылыми-зерттеу жұмысы барысында Аяулым Азаматқызы газ хроматографиясы, жұқа қабатты хроматография, жоғары эффективті сұйық хроматография, сондай-ақ 1D және 2D ядролық магниттік резонанс спектроскопиясы сынды бірқатар талдау әдістерін меңгерді.

Ғылыми еңбектерінің нәтижесі жөнінде айтар болсақ, алты мақаласы жарық көрді: олардың екеуі Scopus және Web of Science базасына енген, ал төртеуі Қазақстанның Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда жарияланды. Сонымен қатар 15 ғылыми конференция тезисі және Artemisia тұқымдасына жататын өсімдіктен антидиабеттік экстракт алу бойынша бір патенті бар.

Аяулым алдағы уақытта докторантурада білімін тереңдетіп, ғылыми зерттеулерін жалғастыруға ниетті. Қол жеткізген әр жетістік – үздіксіз еңбектің, табандылық пен сенімнің нәтижесі. Ол алдағы уақытта жобаны гранттық қаржыландыру байқауына ұсынып, әрі қарай жетілдіру үшін инвестиция тартуды ойластыруда.

«Ғылым жолы оңай жол емес, алайда оның нағыз ізденімпазға, арманы көп адамға беретін мүмкіндігі шексіз. Ғылым сені шыңдайды, ойыңды кеңейтеді, қоғамға пайда әкелуге жол ашады. Егер бойыңда зерттеу жұмысына деген құштарлық болса, онда жүрек-сінбей, осы жолға қадам басыңыз. Бүгінгі сіздің еңбеңіз ертеңгі ғылымның дамуына, ал ғылым – болашақ ұрпақтың игілігіне қызмет етеді. Менің арманым – келешекте адамзатқа пайдасы тиетін жаңалық ашып, қатерлі ісікке қарсы тиімді дәрі-дәрмек жасау», – дейді Аяулым Минкаева.

Гүлзат
НҰРМОЛДАҚЫЗЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Қазақ-қытай іскерлік кеңесінің сегізінші отырысы өтті. Бұл жиында екі ел арасындағы сенімді серіктестіктің жаңа қырлары айқындалды.

Атом энергетикасы мен цифрландырудағы жаңа мүмкіндіктер

елсіздіктің кепілі ғана емес, жоғары технологиялық өндірістің дамуына серпін беретін маңызды қадам. Мұндай жобаларды жүзеге асыруда отандық ғылыми мектептердің үлесі шешуші рөл атқарады.

АТОМ ЭНЕРГЕТИКАСЫНДАҒЫ ЖАҢА КЕЗЕҢ

Қазақстанда атом энергетикасын дамыту – стратегиялық міндет. Бұл бағытта Қытайдың тәжірибесін пайдалану және ядролық технология саласында мамандар даярлау күн тәртібіне шықты. Президенттің CNNC (China National Nuclear Corporation) басшылығымен кездесуінде екіжақты ықпалдастықтың жаңа мүмкіндіктері талқыланды.

Атом электр станциясы құрылысы – энергетикалық тәу-

ҚАЗҰУ – ЯДРОЛЫҚ МАМАНДАР ҰСТАХАНАСЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті атом энергетикасы мен ядролық физика бойынша кадр даярлауда көшбасшы орталық саналады. Қазіргі уақытта бұл бағытта 455 студент білім алу-да. Олардың қатарында «Ядролық физика», «Ядролық медицина», «Ядролық инженерия» мамандықтарының студенттері мен жас ғалымдары бар.

Университет «Қазатом-өнеркәсіп» ҰАК» АҚ-мен бір-



лесіп жаңа оқу бағдарламаларын іске қосуда. Сондай-ақ студенттер Ресей, Жапония, Оңтүстік Корея және Қытайдың

жетекші жоғары оқу орындарында қосдипломдық білім алып, CERN ядролық зертханасында тағылымдамадан өтуде.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН ЦИФРЛАНДЫРУ

Президент Қытайдың цифрландырудағы жетістіктерін жоғары бағалап, Қазақстан бұл салада ынтымақтастыққа ашық екенін атап өтті. Сарапшылар болжамынша, 2033 жылға қарай жасанды интеллект нарығының көлемі 5 трлн долларға жетуі мүмкін.

Қазақстан да бұл үдеріске ілесіп, аймақтағы алғашқы суперкомпьютерді іске қосты. ҚазҰУ-да Huawei орталығы және Қазақстан-Қытай бірлескен Цифрлық технологиялар мен робототехника орталығы табысты жұмыс істеп келеді. Мұнда электроника, телекоммуникация, фотоника салаларында 749 студент білім алу-да.

Қазақстан – Қытай стратегиялық әріптестігі дәстүрлі салаларды ғана емес, жаңа технологиялық бағыттарды да қамтиды. Атом энергетикасы мен цифрландыру – осының айқын дәлелі.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылымға негізделген кадрлық әлеуетті қалыптастыруға және еліміздің технологиялық дамуына үлес қосып отырған жетекші білім ордасы ретінде бұл серіктестіктің белсенді қатысушысы бола бермек.

Нұрзада БЕЙСЕН,
профессор,
физика-техникалық
факультетінің деканы

Атырау қаласында Utebayev University базасында «Әл-Фараби Экоуниверситет – 2025» жазғы мектебі өтті. Жазғы мектеп «Қоршаған ортаға антропогендік әсерді бағалау әдістері: геожүйелер, қоғам, білім, мәдениет және дүниетаным» деген тақырыпта ұйымдастырылды.

Жазғы мектептің жастарға берері мол

Бұл бастама BR21882122 мегажобасы аясында жүзеге асырылды: «Батыс Қазақстан өңірінің табиғи-шаруашылық және әлеуметтік-экономикалық жүйелерінің тұрақты дамуы жасыл өсу контекстінде: кешенді талдау, тұжырымдама, болжамды бағалау және сценарийлер». Жоба Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің бірлескен алаңына айналды.

Салтанатты ашылу рәсімінде Utebayev University ректоры Гүлзада Шакуликова мен ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі про-

ректоры Марғұлан Ибраимов сөз сөйлеп, қатысушыларды құттықтады. Өз сөзінде М.Ибраимов мектеп экологиялық жауапкершілік және ғылыми ойлауға бағытталған болашақ көшбасшыларды біріктіре алатын халықаралық жастар алаңына айналуы тиіс екенін атап өтті. Сондай-ақ ол бұл бастаманың БҰҰ-ның Тұрақты даму жөніндегі жаһандық мақсаттарымен тікелей байланысты екеніне ерекше тоқталды: оның ішінде сапалы білім (ТДМ 4), гендерлік теңдік (ТДМ 5), таза су мен санитария (ТДМ 6), лайықты жұмыс пен экономикалық өсу (ТДМ 8), инновациялар мен инфрақұрылым (ТДМ 9), климаттың өзгеруімен күрес (ТДМ 13) және құрлық экосистемелерін сақтау (ТДМ 15) мәселелері бар.



Жазғы мектепке 70-тен астам студент, жас зерттеушілер мен оқытушылар қатысты. Қатысушыларға заманауи экологиялық сын-қатерлер жөніндегі дәрістер мен пікірталас, геоаппараттық технологияларды қолдану бойынша шеберлік сыныптары, қауіпті аймақтарды кеңістіктік модельдеу және жер жағдайын мониторингтеу практикумдары дайындалды. Жазғы мектеп бағдарламасында экологияның іргелі де қолданбалы мәселелерін қамтитын тақырыптық дәрістер мен практикумдарға айрықша көңіл бөлінді. Қатысушылар «Тұрақты даму: тұжырымдамалар мен мысалдар» тақырыбын зерделеп, «Қоршаған ортаны басқарудағы ГАЖ: тұжырымдамалары», «Атырау облысының топырақ жамылғысының климаттың өзгеруіне байланысты аймақтық ерекшеліктері» және «Мұнай өнеркә-

сібінің дамуына байланысты Каспий маңы ойпатындағы топырақ жамылғысының деградациясын және бүлінген жерлерді рекультивациялау әдістерін» қарастырды. Маңызды тақырыптардың бірі – «Қоршаған ортаға антропогендік әсерді бағалау және реттеу: өндірістегі эколог тәжірибесі» болды. Сондай-ақ экологиялық туризмге арналған тұтас блок ұсынылды. Онда ерекшеліктер, шетелдік тәжірибе, қызметтердің стандартталуы мен сертификатталуы, тұрақты туристік ортаны қалыптастырудағы экологиялық ағартушылықтың рөлі қамтылды. «Техногендік әсер ету аймағында топырақтың ауыр металдармен ластануын ГАЖ және қашықтықтан зондтау технологияларының негізінде талдау» тақырыбы да қарастырылды. Практикалық бөлім заманауи әдістерді қамтыды.

Олардың қатарында «Су тасқыны қаупі бар аймақтарды кеңістіктік модельдеу» және «Қашықтықтан зондтау деректері негізінде жер деградациясы үдерістерін мониторингтеу» болды.

Бағдарламаның ажырамас бөлігі – табиғи ортада практикалық сабақтар өтті. Жайық сағасы мен Қиғашқа ұйымдастырылған экскурсия қатысушыларға шаруашылық қызметтің өңір экосистемелеріне қалай әсер ететінін өз көзімен көруге мүмкіндік берді. Студенттердің айтуынша, бұл экскурсиялар білімнің маңыздылығын тереңірек түсінуге және аудиториядағы кейінгі пікірталастарға жаңа серпін беруге ықпал етті.

Жазғы мектептің шарықтау шегі жобалық идеяларды қорғауға арналды. Қатысушылар жасыл аймақтар құру, өнеркәсіптік нысандардың маңында тұрақты ландшафттар қалыптастыру және басқа да өзекті бастамалар бойынша нақты ұсыныстарын айтты. Бұл жұмыстар жастардың тақырыпқа тек теориялық түрде қызығушылықпен шектелмей, өңір үшін маңызды практикалық әрі сұранысқа ие шешім ұсынуға дайын екенін көрсетті.

«Әл-Фараби Экоуниверситет – 2025» жазғы мектебінің курсы салтанатты түрде бекітілген үлгідегі сертификаттарды табыстаумен аяқталды. Әрбір қатысушы 72 академиялық сағат көлеміндегі бағдарламаны меңгергенін растайтын құжатқа ие болды.

Елдар НҰРҰЛЫ,
аға оқытушы

Аружан СЕРІКБОЛ,
1-курс магистратура студенті



Қазақстанның экономикалық ғылымын ұлттық сипатта дамыту, экономикалық ілім мен категорияларды қазақша ғылыми-әдістемелік жүйелеу, нарықтық қатынастарға бейім теориялық базаны қалыптастыруға зор үлес қосқан және де ұлттық экономикалық ғылым мектебінің негізін қалаушы ғалым, ұстаз, дара тұлға, ҚР ҰҒА академигі Яхия Әубәкіровтің туғанына биыл 100 жыл толуда.

Академиктің экономикадағы құрылымдық теңгерімсіздіктер, тиімді мемлекеттік реттеу қажеттілігі және нарықтық өзгерістердің әлеуметтік бағдары сияқты қозғаған мәселелері қазіргі Қазақстан үшін де өте өзекті болып қала бер-

Еңбегі ұлттық экономиканың жаңаруына негіз болған академик

Яхия Әубәкірұлы 1925 жылы 18 тамызда Қарағанды облысы Шет ауданының Ақтөбе ауылында дүниеге келген. Ғалым-ұстаздың білім беру жолы Омбы педагогикалық колледжінде (1939-41) басталып, Қарағанды мұғалімдер институтында (1941-43) және Омбы педагогикалық институтында (1947-49) жалғасты. Ол 1949 жылы А.Горький атындағы Омбы мемлекеттік университетін сәтті тамамдап, 1952 жылы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетінің аспирантурасын бітірген.

Академик Яхия Әубәкіров аспирантурада оқып жүргенде-ақ педагогикалық тәжірибені ерекше шеберлікпен үйлестіре білген. Ол ҚазМУ, Алматы заң мектебі мен Орал педагогикалық институтында саяси экономика және аграрлық экономика мәселелері бойынша дәріс оқыған. Сонымен қатар Қазақстан ЛКЖО ОК желісі бойынша Қазақстанның бірнеше өңірінде, соның ішінде Батыс Қазақстан және Алматы облыстарында халық арасында да кең ауқымды дәріс оқуға атсалысқан. Осылайша ғалым-ұстаздың ағартушылық қызметі қалыптасқан.

Дара тұлға Я.Әубәкіровтің іргелі ғылыми академиялық өмір жолы ҚазМУ-дан бастау алды. Аспирантурадан кейін ол ассистент (1949-52), аға оқытушы (1952-60) және доцент (1960-63) қызметтерінде болған. 1963 жылы ҚазМУ экономика факультетінің базасында құрылған Алматы халық шаруашылығы институтында (НарХоз) Саяси экономика кафедрасына жетекшілік етті. 1967 жылдың желтоқсан айынан бастап Алматы халық шаруашылығы институтында, содан кейін ҚазМУ-дың (1972-85) оқу ісі жөніндегі проректор қызметін атқарып, өзін терең ойшыл және кәсіби басшы ретінде көрсете білді. 1974 жылдан 1992 жылға дейін ҚазМУ-дың гуманитарлық факультеттеріне бағытталған Саяси экономика кафедрасын басқарды, ал 1992 жылдан бастап қызметінің соңына дейін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Экономикалық теория кафедрасына басшылық етті.

Яхия Әубәкірұлы академик С.Баишев, ҚазССР корреспондент-мүшесі Г.Чуланов,

профессорлар С.Нейштадт, И.Бровер, Ф.Жеребятъев, Т.Шәукенбаев, Т.Төлебаев, М.Бутин, В.Пуриц, Г.Надиров, Д.Қабдиев, В.Мордовин және т.б. көптеген мықты ғалымдар, оқытушылар, еліміздің экономика ғылымының негізін қалаушы ардагерлермен қатар жұмыс істеп, еңбек жолын қалыптастырған. Академиктің адамгершілік қасиеттері – мейірімділігі, әділеттілігі және даналығы ерекше көзге түсіп, әріптестері мен шәкірттері тарапынан әрдайым құрмет туғызатын. Оның ғылым мен білімге шынайы сүйіспеншілігі, адалдығы арқасында көптеген жастар ғылыми бағытқа бет бұрып, экономика ғылымының дамуына үлес қосуға септігін тигізді. Теория мен практика-ның бірлесуі, ғылыми жаңалығының өзектілігі методикасы, сондай-ақ тынымсыз шығармашылық еңбегінің нәтижесінде 1975 жылы ұстаз-ғалым ҚазССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, 1989 жылы толық мүшесі болып сайланған. 1970 жылы Қазақстан жоғары оқу орындары қызметкерлерінің ішінде ең алғашқы болып «ҚазССР Жоғары мектебіне еңбек сіңірген қызметкері» деген құрметті атаққа ие болды. Яхия Әубәкірұлы бірнеше КСРО медалі, «КСРО жоғары мектебінің үздігі» белгісі және ҚР Президентінің жарлығымен «Құрмет», «Парасат» ордендерімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталары, КСРО Жоғары білім беру министрлігінің Құрмет қағаздарымен марапатталған дара тұлғалардың бірегейі.

Академик Я.Әубәкіров отандық экономикалық мектептің негізін қалаушы ретінде Қазақстанның экономикалық ғылымында өшпес із қалдырды. Экономика теориясының өзекті мәселелеріне арнап 300-ден астам құнды еңбек жазды. Оның ішінде он шақты ірі ғылыми монография, 20-дан аса оқулық пен 30-ға тарта оқу құралы бар. Ерекше айта кететіні – ғылыми еңбектерінің көбін қазақ тілінде жазып, мемлекеттік тілімізді ғылым мен білімнің тілі деңгейіне көтерді. Сонымен қатар саяси экономика, экономикалық теория пәндері бойынша қазақ тілінде дәріс жүргізген алғашқы экономист ұстаздарымыздың бірегейі болды.

Ғалымның теориялық терең зерттеулерді практикалық қолданыс және әлеуметтік бағдарланған көзқарас арқылы ұштастыра отырып зерттеудегі методологиялық тәсілі Қазақстанда, әсіресе, дамыған елдердің қатарына кіру жолындағы ағымдық сын-қатерлер мен стратегиялық мақсаттар тұрғысынан тұрақты және инклюзивті экономикалық саясатты әзірлеу үшін әрдайым өзекті. Академиктің ғылыми мұрасы еліміздің даму жолында бағыт-бағдар беріп, ұлттық экономиканың тұрақты өсуі мен жаңаруына негіз болды.

Ғалым ретінде Яхия Әубәкіровтің аты біздің елде ғана емес, алыс және жақын шетелдерде кеңінен танымал. Көптеген елдердің білім және ғылым орталықтары, белгілі ғалымдарымен тығыз қарым-қатынаста болды. АҚШ, Англия, Болгария, Венгрия, Германия, Словакия, Чехия сияқты мемлекеттерге барып, олардың университеттерінде оқыған дәрістері мен жасаған баяндамалары өте жоғары бағаланды.

ҚазҰУ-дың қара шаңырақ ретінде қалыптасуына және экономика факультетінің қалыптасуы мен даму тарихында академик Әубәкіровтің өшпес ізі бар. Ұлағатты ұстазымыздың алдынан мыңдаған шәкірттер өтті. Ол кісінің ғылыми жетекшілігі, көмегімен жазылып, қорғалған кандидаттық, докторлық жұмыстардың саны 100-ге жуық. Ұзақ жылдар бойы докторлық диссертация қорғау кеңесінің төрағасы болды. Бүгінде академик Я.Әубәкіровтің «шекпенінен шыққан» шәкірттерінің арасында көптеген көрнекті қоғам қайраткерлері, ғалымдар, академиктер, министрлер, ректорлар және бизнес тұлғалар бар. Қорытындылай келгенде, ұлағатты ұстазымызды еске ала отырып ұғынатынымыз – ол кісінің аты мен атағы да, болмысы да ұмытылмайды. Өйткені артында аса бай экономикалық ілім-мұрасы, ғылыми мектебі, игілікті істері қалды. Тәрбиелеп өсірген жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шәкірттері бар.

**Илияс ҚҰЛИЕВ,
Гүлия ИЛЯШОВА,
Экономика және бизнес
жоғары мектебі
Экономика кафедрасының
аға оқытушылары**

Жаңа білім беру бағдарламалары енгізілді

Жаңа оқу жылында Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті білім беру саласына жаңашылдық енгізіп, бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлерінде жаңа бағдарламаларды іске қосты. Бұл бағдарламалар журналистика, шығыстану, биология және биотехнология, ақпараттық технологиялар, халықаралық қатынастар, тарих, филология, география және физика-техникалық ғылымдар салаларын қамтиды.

Журналистика факультеті докторантура деңгейінде «Қоғаммен байланыс» бағдарламасын ұсынады. Бұл оқу бағдарламасы коммуникация теориясы мен тәжірибесінен бастап, медиажоспарлау, репутацияны басқару, дағдарыстық PR және цифрлық коммуникациялар саласындағы заманауи дағдыларды меңгеруге бағытталған.

Шығыстану факультеті бакалавриат деңгейінде «Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азияны өңіртану» бағдарламасын іске қосты. Сонымен қатар «Аудармашылық: құқық саласында қытай тілін пайдалану» атты бакалавриат және магистратура деңгейлеріне арналған интердисциплинарлық бағдарлама енгізілді. Бағдарлама аясында студенттер құқықтық терминологияны, қытай құқығының негіздерін, кәсіби аударма мен заманауи аударма технологияларын меңгереді.

Биология және биотехнология факультеті магистратура деңгейінде «Биомедициналық инженерия» оқу бағдарламасын іске қосты. Бұл бағдарлама биологиялық және инженерлік білімді біріктіре отырып, медициналық технологияларды дамытуға бағытталған. Сонымен қатар бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлерінде жүзеге асатын «Қолданбалы биофизика» интердисциплинарлық бағдарламасы енгізілді. Оқу барысында студенттер спектроскопия, биомолекулалық өзара әрекеттесу, жасушалық биомеханика және өзге де заманауи әдістерді меңгереді.

Физика-техникалық факультеті Бұхара мемлекеттік техникалық университетімен бірлесіп магистратура деңгейінде «Стандарттау және сертификация (салалар бойынша)» бағдарламасын іске асырады. Бағдарлама халықаралық стандарттар мен сапаны бақылау саласындағы білікті мамандарды даярлауға бағытталған.

Тарих факультеті бакалавриат деңгейінде екі жаңа бағыт – «Әлеуметтік-мәдени антропология» және «Музейтану және тарихи-мәдени туризм» бағдарламаларын ұсынады. Студенттер этнографиялық және антропологиялық зерттеу әдістерін, музей ісінің теориясы мен тәжірибесін, мәдени мұраларды сақтау, экскурсия ұйымдастыру және тарихи туризмді дамыту тәсілдерін үйренеді.

География және табиғатты пайдалану факультеті магистратурада «Жер сілкінісінің геологиясы және сейсмикалық қауіптілік» бағдарламасын іске қосты. Ол сейсмология, геофизика, сейсмикалық үдерістерді модельдеу, табиғи қауіп-қатерлерді бағалау және инженерлік сейсмология салаларын қамтиды.

Ақпараттық технологиялар факультеті цифрлық экономикаға бағытталған жаңа бағыттарды іске асырып, кадр даярлауды кеңейтуде. Бакалавриатта ашылған «Бағдарламалық инженерия» бағдарламасы аясында студенттер алгоритмдер мен бағдарламалау, мәліметтер базасы, желілік технологиялар және киберқауіпсіздік негіздерін меңгереді. Магистратура деңгейінде жүзеге асырылатын «IT-менеджмент» бағдарламасы цифрлық жобаларды басқару, цифрлық трансформация, бизнес-талдау және инновациялар салаларында басқарушылық қабілеттерді қалыптастырады.

Солтүстік-батыс Қытай политехникалық университетімен (ҚХР) бірлесіп докторантура деңгейінде «Компьютерлік ғылымдар мен технологиялар» атты қосдипломдық бағдарлама жүзеге асырылады. Онда машиналық оқыту, үлкен деректерді өңдеу, нейрондық желілер және робототехника салалары қамтылған. Сондай-ақ бакалавриатта «Жасанды интеллект» атты қосдипломдық бағдарлама енгізілді. Бұл бағдарлама табиғи тілді өңдеу, интеллектуалды жүйелер, компьютерлік көру және жасанды интеллектінің қолданбалы салаларын меңгеруге бағытталған.

Әскери-инженерлік радиоқатынас институтымен бірлесіп «Әскери криптология» атты бакалавриат бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарлама киберқауіпсіздік пен криптоанализ саласында жоғары білікті мамандар даярлауға бағытталған.

Филология факультеті Францияның Гренобль-Альпы университетімен бірлесіп «Шетел филологиясы: француз тілі» атты қосдипломдық бакалавриат бағдарламасын іске қосты. Оқу жоспарына лингвистика, аударма ісі, француз әдебиеті, мәдениеттану және мәдениаралық коммуникация салаларындағы кәсіби дайындық кіреді.

Халықаралық қатынастар факультеті бакалавриат деңгейінде «Халықаралық экономика» бағдарламасын ұсынады. Бұл бағдарлама жаһандық экономикалық үрдістер, халықаралық сауда, экономикалық дипломатия және халықаралық қаржы институттарымен өзара әрекет ету мәселелерін қамтиды.

Осылайша 2025-2026 оқу жылына арналған жаңа білім беру бағдарламалары ҚазҰУ студенттеріне академиялық және кәсіби көкжиектерді кеңейтетін жаңа мүмкіндіктер аша отырып, университеттің білім мен ғылымдағы көшбасшылық ұстанымын нығайтуға ықпал етеді.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

С 25 по 30 августа в Париже, в стенах Сорбоннского университета, прошёл XVII международный (внеочередной) конгресс славистов – это крупнейшее событие в области славянской филологии, лингвистики и культурологии. Конгресс собрал ведущих учёных из десятков стран, чтобы обсудить актуальные вопросы языковых контактов, исторической памяти, социолингвистики и межкультурного диалога.

Ученые КазНУ в Сорбонне на XVII международном конгрессе

рии – Борис Акунин, Джованна Броги, Жорж Ниват и Александр Лома, затронувшие темы литературной памяти, языковой идентичности и культурных трансформаций славянского мира.

Профессор Элеонора Сулейменова выступила на сессии «Социолингвистика» с докладом «Языковые процессы и языковая политика современного Казахстана». Она представила анализ языковой ситуации в Казахстане, подчеркнув важность сбалансированной языковой политики в условиях многоязычия, глобализации и цифровизации. Её выступление органично вошло в панель, где обсуждались языковые конфликты, биографии носителей суржика и последствия войны для языковой идентичности.

Профессор Нурсулу Шаймерденова выступила на сессии «Влияние неславянских языков и различных языковых семей». Как исполнительный директор и руководитель НИИ тюркологии и алтаистики, а также как руководитель научного проекта в рамках гранто-



вого финансирования МНВО РК «Тюркские языки Казахстана в условиях духовной модернизации общества: от графики к эпическому тексту» [ИРН AP23486380] (2024–2026 годы) она сфокусировала выступление на глоссировании тюркизмов и анализ памятников письменности, отражающих тюрко-славянские язы-

ковые контакты. Её работа раскрывает глубинные механизмы языкового взаимодействия, демонстрируя, как глоссы служат маркерами культурного и лингвистического диалога в Евразии.

Профессор Малика Аймагамбетова, выступавшая с докладом «Трансформированные фразеологические едини-

цы в заголовках русскоязычных газет Казахстана» на сессии «Формальный синтаксис и фразеология славянских языков» поделилась с участниками форума своими разработками и рассмотрела, как фразеология адаптируется в медиапространстве, отражая социокультурные реалии современного Казахстана. Её доклад вызвал живой интерес у коллег из Хорватии, Литвы и Словакии, работающих над схожими темами.

На конгресс приехали более 1000 славистов из 40 стран мира, таких как Австралия, Австрия, Азербайджан, Албания, Беларусь, Бельгия, Болгария, Босния и Герцеговина, Великобритания, Венгрия, Германия, Греция, Израиль, Индия, Испания, Италия, Казахстан, Канада, Китай, Латвия, Литва, Северная Македония, Молдова, Нидерланды, Норвегия, Польша, Россия, Румыния, Сербия, Словакия, Словения, США, Украина, Узбекистан, Финляндия, Франция, Хорватия, Чехия, Швейцария, Швеция, Эстония, Япония.

Участие трёх профессоров КазНУ в столь престижном мероприятии – это не просто честь, а подтверждение высокого уровня казахстанской гуманитарной науки. КазНУ продолжает играть ключевую роль в формировании научной повестки, продвигая идеи межкультурного диалога, языкового разнообразия и академической мобильности и голос этого вуза звучит уверенно, глубоко и профессионально.

Адия КАИРЖАНОВА,
докторант КазНУ имени аль-Фараби

Казахстан, являясь демократическим, светским, правовым и социальным государством, всецело приняла обязательство придерживаться требований международного сотрудничества относительно равноправия граждан во все программы развития общества на принципах свободы, равенства и справедливости.

Стратегия гендерного равенства в сфере науки

стан-2050». В Республике Казахстан создана институциональная основа в сфере гендерного равенства. В стране действуют два гендерно ориентированных закона РК – «О профилактике бытового насилия» и «О государственных гарантиях равных прав и равных возможностей мужчин и женщин». Успешно реализуется Концепция семейной и гендерной политики в Республике Казахстан. Программным документом, регулирующим реализацию гендерной политики в Казахстане, является «Стратегия гендерного равенства в Республике Казахстан». В стране активно работает Структура «ООН-женщины», которая сотрудничает с правительством и другими национальными партнерами, гражданским обществом, образовательными учреждениями, частным сектором и СМИ для обеспечения равенства и возможностей для женщин.

В глобальном рейтинге по гендерному равноправию Казахстан опережает многие развитые страны, занимая 31 позицию среди 135 государств. Хорошие показатели участия женщин Казахстана в науке в мировом рейтинге. По количеству женщин в науке Казахстан занимает третье место



(52%), на первом месте Азербайджан (59%), на втором месте Грузия (52,7%). Женщины и девочки составляют половину казахстанского населения и почти половину рабочей силы в государстве. Женщины сегодня больше представлены в сфере медицины, образования и науки. 55% госслужащих Казахстана – женщины. Доля женщин с высшим образованием также превышает долю мужчин, окончивших вуз.

По статистике при поступ-

лении в вуз среди получивших государственные образовательные гранты девушек почти вдвое больше (63%), чем молодых людей (37%). Согласно данным Министерства науки и высшего образования РК, в Казахстане доля женщин-ученых, принимающих участие в проведении научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ, составляет более 50% (около 10 тысяч женщин).

Ученые-женщины Казах-


стана принимают активное участие в деятельности академических и общественных научных организаций. В настоящее время женщин-академиков в Казахстане 17 (10%), а также 16 женщин-членов-корреспондентов (21%). В летопись Академии наук Казахстана золотыми буквами вписаны имена 16 женщин – 8 академиков и 8 членов-корреспондентов, в их числе первая женщина-президент Национальной академии наук РК, академик, доктор биологических наук Айтхожина Нагима Абеневна. Значимый вклад в развитие науки внесла Патшайым Тажибаева, которая была первой женщиной-доктором геологических наук во всей Центральной Азии.

Обладая богатым опытом, будучи гордостью не только своей страны, но и на мировом уровне, женщины-ученые Казахстана вносят свой посильный вклад в процветании страны, поддержку подрастающего поколения в их высоком стремлении к высокой науке, творчеству, исследованию и достижению высочайшего академического статуса.

Акмарал МАГАУОВА,
д.п.н., академик МАНПО,
лауреат Национальной премии достижений женщин Казахстана «Ажар» в области науки и образования,
профессор кафедры педагогики и образовательного менеджмента

Халықаралық институт пен робототехника орталығы ашылды

Басы 1-бетте



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30,
ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер
орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі
редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды,
үш компьютерлік беттен асатын материалдар
қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала
көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.